

Қылмысқа қарсы күрес және құқық тәртібін нығайту жөніндегі шұғыл шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Президентінің қаулысы 1995 жылғы 17 наурыздағы N 2127. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қолданылып жатқан құқықтық және ұйымдастыру шараларына қарамастан еліміздегі қылмыстық ахуал күрделі күйінде қалып отыр. Ұйымдасқан қылмыстың ауқымы қауіпті мөлшерде өсіп келеді. Зомбылық, тапсырумен кісі өлтіру, милиция қызметкерлерінің өміріне қол сұғу көлемі ұлғайып барады. Қылмысқа қарсы күрес тиімділігінің төмен болуы қоғамда мемлекеттік биліктің азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың конституциялық құқықтарын қорғау қабілетіне күмән туғыза бастады.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, жергілікті әкімдер, құқық қорғау және сот органдарының басшылары Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік тәртіпті нығайту және қылмысқа қарсы күрес мәселелері жөніндегі актілерінің толығымен орындалуын қамтамасыз ете алмай отыр.

Құқық тәртібін нығайту мен азаматтардың жеке және мүліктік құқықтарын тиімді қорғау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, құқық қорғау және жергілікті атқарушы өкімет органдарының қылмысқа қарсы күрес мәселелері туралы Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін орындау жөніндегі жұмысы жеткіліксіз деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, жергілікті әкімдер, құқық қорғау органдарының басшылары:

- Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 13 наурыздағы N 2082 өкімімен жарияланған "Құқық тәртібі" жедел алдын алу шараларының барлық жерде жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін;

- заңдылық принциптері мен азаматтардың құқығын сақтау негізінде құқық бұзушылардың қылмыстық және әкімшілік тұрғыдан сөзсіз жазалануын қамтамасыз етсін;

- маскүнемдік пен нашақорлыққа, бұзақылық көріністеріне, порнографияға, зинақорлық пен жеңгетайлыққа, зомбылыққа және валюта операциялары жайлы ережелерді бұзуға қарсы күресті күшейтсін;

- 1995 жылғы 15 мамырға дейін заңда белгіленген тәртіппен қылмысты

жауапкершіліктен босата отырып, халықтың қолында заңсыз сақталып келе жатқан атыс қаруы мен суық қарудың, оқ-дәрі мен жарылғыш заттардың ерікті түрде тапсырылуын ұйымдастырсын. Осы мерзім өткеннен кейін бұл талапты орындамаған адамдарға заңға сәйкес жаза шаралары қолданылуын қамтамасыз е т с і н ;

- құқық тәртібін күшейту мақсатында милиция органдарының әскери жасақтарымен бірлесіп, көшелерде, тұрғын үй алаңдарында, вокзалдардың, әуе жайлардың, мәдени-сауық мекемелерінің аудандарында және басқа қоғамдық орындарда тәулік бойы сақшылық жүргізуін ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Ішкі істер министрлігі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті ауыр қылмыстарды ашу үшін барлық қажетті ш а р а л а р д ы қ о л д а н с ы н .

Аса қауіпті қылмыстар жасала қалған жағдайда жедел із шалу және қылмысты топтардың көзін жою үшін даярлығы неғұрлым жоғары қызметкерлердің арасынан жеткілікті мөлшерде арнайы мақсаттағы ұтқыр қолға түсіру топтары жасақталып, олар автомобиль және әуе көлігі құралдарымен, қарумен және тиісті техникалық жарақтармен қамтамасыз етілсін.

Қазақстан Республикасының Бас прокуроры жанындағы тұрақты жұмыс істейтін тергеу-оперативтік тобы сан жағынан және материалдық жағынан н ы ғ а й т ы л с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына және төменгі соттарына қылмысты іс жүргізу заңдарын қатаң сақтай отырып, азаматтардың негізсіз және ұзақ уақыт бойы қамауда болуына байланысты жөнсіздіктерге жол бермеу үшін қазіргі жүргізіліп жатқан қылмысты істерді жедел қарау шараларын қолдану ұ с ы н ы л с ы н .

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы соттардағы қылмысты істердің қаралу мерзімі туралы заң талаптарының сақталуы мен заңды күшіне енген үкімдердің атқарылуына тексерістер ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1994 жылғы 9 маусымдағы № 1723 қаулысының 2, 5 және 12 тармақтары талаптарының сөзсіз орындалуын қамтамасыз етсін және тыңғылықтылық көрсетпегені үшін кінәлі лауазымды адамдардың жауапкершілігі туралы мәселе қарасын;

- денсаулық сақтау жүйесінде алкоголизм мен нашақорлықтан өз еркімен емделуден жалтаратын адамдар үшін мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелерін құрып, бұл мақсатқа белгіленген тәртіппен босаған әскери қалашықтардың аумағы мен объектілерін беретін болсын;

- 1995 жылғы 1 сәуірге дейін прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер

органдарын және соттарды ұстауға, ең алдымен жалақыны, ақшадай және өзгедей үлесті төлеуге бөлінген бюджет қаражаты бойынша берешектің орнын жабу туралы мәселені қарасын;

- бір ай мерзімде мемлекет шеккен залалды өтеу сомасының соттың үкімі бойынша мемлекеттің меншігіне қаратылған мүлікті өткізуден түскен қаражаттың 50 процентке дейінгі мөлшерін, сондай-ақ соттың шешімі бойынша қылмыскерлерден тәртіленген барлық көлік құралдарын, іс техникасы мен байланыс құралдарын құқық қорғау органдарын нығайтуға беру тетігін анықтайтын нормативтік актілердің жобаларын дайындасын.

6. Жергілікті әкімдер:

- екі апта мерзімде әрбір облыста қылмысқа қарсы күрестің жарты жылға есептелген арнаулы бағдарламаларын әзірлесін, содан кейін қылмысты ахуалдың өзгеруіне байланысты оларды нақтылап отыратын болсын, әрі бұларды тиісті қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету көзделсін;

- қылмысты ахуалды талдау, құқық тәртібін нығайту мен азаматтардың құқығын қорғау жөніндегі іс-қимылды үйлестіру және тиімді шаралар белгілеу жөнінде штабтар құрып, оларға жеке өздері басшылық етсін;

- милиция органдарының қоғамдық орындардағы құқық бұзушылыққа жол бермеу жөніндегі алдын алу қызметін жандандыру мақсатында ішкі істер органдарымен бірлесіп, милицияның жылжымалы пункттерінің жұмысын жаңғыртып, бұл үшін қажетті мөлшерде автокөлік пен байланыс құралдарын бөлсін;

- халықпен өзара тығыз іс-қимыл байланысын орнату үшін жұртшылықты құқық тәртібін қорғауға қатыстыру нысандарын әзірлесін, бұл мақсатта сенім телефондарын, тіке желілерді және басқа әдістерді пайдалансын.

7. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы осы қаулыны атқару кезінде заңдылықтың дәл әрі мүлтіксіз сақталуына пәрменді қадағалау орнатсын.

8. Қазақстан Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі заңдылықты, құқық тәртібін нығайту және қылмысқа қарсы күрес жөнінде қолданылып жатқан шаралардың бұқаралық ақпарат құралдарында үнемі жария етілуін қамтамасыз етсін."Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы осы мақсатқа радио мен теледидар арналарында эфирлік уақыт бөлсін, осы тақырып бойынша берілетін хабарлар мен сөйленетін сөздердің легін ұйымдастырсын.

9. Қылмысқа қарсы күрес жөніндегі Республикалық Кеңес Қазақстан Республикасы Президентінің құқық тәртібін нығайту мәселелері жөніндегі шешімдерінің орындалуына қатаң бақылау жасалуын қамтамасыз етсін, олардың жүзеге асырылуының барысын әлсін-әлі талқылап отырсын және нәтижесі

туралы Мемлекет басшысына баян етіп тұрсын, қажет болған жағдайда тиісті басшылардың жеке-дара жауапкершілігі туралы ұсыныстар енгізісін.

10. Қазақстан Республикасы Президентінің "Зандылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1994 жылғы 9 маусымдағы N 1723 қаулысының /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 25, 253-бап/ 1, 3, 4, 6-11, 13 тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

11. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті